



**plans.label.author:** ЕРМАХАНОВ АЛТЫНБЕК ОҢҒАРБЕКҰЛЫ

**plans.label.category:** Қазақ тілі (Т1)

**plans.label.class:** 7-сынып

**plans.label.section:** Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

**plans.label.theme:** Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	7.06;Оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу 7.ӘТН2 Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану
---	--

### plans.stages

plans.schedule.stages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру: -оқушылардың сабаққа қатысын тексеру; - сабақ мақсатымен таныстыру.  Алдыңғы біліммен байланыс: Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ - ... «Бетпе-бет» әдісі Оқушылар бір-біріне бетпе-бет тұру арқылы өлең жолындағы қажетті сөзді атап, өткен сабақтағы домбыра туралы алған мәліметтерін тізбектейді, ақпаратпен бөліседі.	1-слайд

plans.schedule.s tages	plans.schedule.activity	plans.schedule.resources
<p>Сабақтың ортасы (30 минут)</p>	<p>С. Тыңдалымалды тапсырма. Оқушыларға сабақтың тақырыбын болжатуға бірнеше сұрақ беріледі.</p> <p>Image not found or type unknown</p> <p>Оқушылар пікірлері тыңдалады. Сабақ тақырыбын тапқан оқушы жұлдызшамен бағаланады.</p> <p>Бағалау критерийі таныстырылады: Мәтіндегі кідіріс түрлерін анықтап, логикалық екпінді табады.</p> <p>Ж.Тыңдалым тапсырмасы. «Ақсақ құлан» тақырыбындағы мультфильмді көреді. Мәтін мазмұны не туралы? Мазмұнға қатысты қандай тақырып қоюға болады? Кейіпкерлер кімдер? Кет-Бұға күйші әмірші сарайында неге отыр? Күйші қаһарлы Шыңғыс ханға сүйікті ұлы Жошының қазасын қалай естіртті? Кет-Бұға күйшіні ажалдан арашалап қалған қандай құдірет? Кейіпкердің сөйлеу тілінен нені байқауға болады? Дәлел ретінде мысал келтіріңіз. Кері байланыс: Қандай ой түюге болады?</p> <p>Ж. Тыңдалымнан кейінгі тапсырма. Қалыптастырушы бағалау тапсырмасымен жұмыс.</p> <p>Мәтін үзінділері арқылы кейіпкерлердің сөйлеу тілінен логикалық екпін түскен сөздің астын сызу. Кідіріс белгісін қою. (.)-қысқа кідіріс, (..)-ұзақ кідіріс</p> <p>- Кімде кім, менің баламның қайғылы хабарын естіртсе, соның көмейіне қорғасын ерітіп құямын,- деп халыққа жар салыпты. Тақта мүлгіп отырған хан сәл басын көтеріп: - Мынау ненің үні? Барып біліңдерші? Егер менде шаруасы бар адам болса мында алып келіңдер! - деп уәзірлерінің біріне әмір етеді. Уәзір әлгі домбырашыны ханның алдына алып келеді. Хан оған: - Қайдан жүрген адамсың мұнда келу мақсатыңды айт! - дегенде домбырашы: - Тақсыр! Көптен көңілімде жүрген бір күйім бар еді, сонысізге сынатқалы келіп едім, — депті. - Е, олай болса домбыраңды тарт! -депті хан. Бұл сөзді естуі сол-ақ екен, күйші домбырасының бұрауын қоңыр дауысқа келтіріп, әрбір қығысын салмақпен қағып, бір күйді тарта беріпті. Күйдің алғашқы дыбысынан басталған қатал үн, бірте-бірте қоюланып, «мені естисің бе, хан ием, қайғылы хабар айтамын» дегендей, алдын ала негізгі тақырыбынан, айтпақ ойынан хабар береді. - Ұстандар, мына күйшіні! - деп, уәзірлеріне әмір етіпті. Сонда күйші ханға қарап: - Уа, тақсыр! Мен аузымды ашып, ештеме де айтқаным жоқ едім ғой, жазығым өзіңіздің ұлықсатыңызбен күй тартқаным ба? Барлық сырды ашып, айтып берген мынау домбыра емес пе? - депті. Хан осы жерде сөзден жеңіліп, берген жарлығын орындау үшін «кім болса да бәрі бір, қаралы хабар әкелгеннің үні өшіп, жазасын алсын» деп, бұйырып, домбыраның қақпағынан көмей тесігін жасап қорғасын ерітіп құйғызыпты. Содан бастап домбыраның көмей тесігі пайда болған екен деседі.</p> <p>ЖЖ. Оқушылар жұптаса отырып жазба жұмыстарын тексереді. Кері байланыс. Кім кідіріс түрлерінің белгісін дұрыс қолдана алды? Логикалық екпіннің ерекшелігі қандай? Оқушылар пікірі тыңдалады. Жазба жұмыстарына кешіктірілген кері байланыс беріледі.</p>	<p>жұлдызшалар</p>
<p>Сабақтың соңы (5 минут)</p>	<p>Рефлексия</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>-Ризамын</li> <li>- Ойланамын</li> <li>- Түзетемін</li> </ul>	<p>стикер</p>